

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**


ДӘРІС КЕШЕНІ

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»
Оқу түрі: күндізгі
Оқытудың нормативтік мерзімі: 1 жыл 6 ай
Циклдар мен пәндер индексі: ТК
Курс: 2
Семестр: 3
Пән: «Коммуникативті дағдылар»

ONȚŪSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-І» кафедрасы Дәріс кешені	№72/11 () 12 беттің 2 беті	

Кафедра мәжілісінде қаралды және бекітілді.

№ 1 хаттама. «27» 08 2024 ж

Кафедра меңгерушісі  Серикова Б.Д.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ()	
Дәріс кешені	12 беттің 3 беті	

Дәріс № 1

1. Тақырыбы: Кіріспе. Коммуникативті процесс, дағдылар туралы түсінік.

2. Мақсаты: Коммуникация туралы түсінік беру. Өртүрлі жағдайларда медицина қызметкерінің науқаспен, оның туысқандарымен, әріптестерімен тиімді қарым-қатынас орнатуына қажет дағдыларды қалыптастыру және дамыту.

3. Дәріс тезистері:

- Коммуникация туралы түсінік
- Коммуникация түрлері

Қарым-қатынас - адамдардың жанасуы негізінде ақпаратпен алмасуы, бір-бірін қабылдауы және әрекеттесуі. Дәрігер жұмысының нәтижелілігі мен деңгей-дәрежесі, оның білімділігі мен біліктілігіне ғана емес, қарым-қатынас (коммуникативтік) дағдыларына да байланысты екені анық.

Коммуникация - басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату.

Коммуникативтік дағдылар— дәрігердің жұмыс барысына байланысты басқа субъектілермен (адамдармен, науқаспен, оның жақындары және туысқандарымен, әріптестерімен, т.б.) тиісті дәрежеде қарым-қатынас жасай отырып, медициналық жәрдем шараларының тиімділігі мен нәтижесін арттыру.

Қатынасуда субъектілер (адамдар) сөз, мимика және дене қимылы арқылы, бір-біріне мәлімет тасымалдап, әрекеттеседі. *Вербальды коммуникация* - адамдардың қатынасу үшін белгі (знак) жүйесі ретінде сөзді қолдануы. *Вербальды емес коммуникация* — қатынасу үшін тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану (жест, мимика, дауыс ырғағы, көзбен жанасу). Өзара мәлімет алмасу арқылы қарым-қатынасқа түскен адамдар сұхбаттаса келе, бірін-бірі түсініп, танысады.

Өзара қарым-қатынас жасау үшін, кем дегенде екі адам болуы қажет, олардың әрқайсысы *субъект* ретінде саналады. *Коммуникатор* - ақпаратты жіберуші адам. *Коммуникант (адресат)* - ақпаратты қабылдаушы адам. *Коммуникация арнасы* - жіберушіден қабылдаушыға ақпараттың жүру жолы. Адамдардың өзара қатынасқа түсуі — олардың іс-әрекетіне тікелей байланысты болады. Қажеттілігіне қарай, қатынасқан адамдар әрекеттесіп, өзара мәлімет жинастыра келе, түсінушілік тудыруға тырысады. Қатынасу арқылы адам өз басының ерекшеліктерін, ой-мақсатын, басқа адамға түсіндіріп, білдіруге ықпал жасайды. Қатынарудың түрлері және даму барысы адамдардың әлеуметтік жағдайына, олардың қоғамдағы орнына, қоғам заңдары мен құқық ережелеріне байланысты болады.

Қатынасу процесінде, адамға тән, көптеген психикалық құбылыстар қатысады. Олар арқылы адам, адамзат жинастырған тәжірибені тұжырымдайды, қолданады.

Коммуникативтік білгерлік (компетенттік) – дәрігердің басқа адамдармен (науқас, оның жақындары және туыстары, әріптестері, т.б.) вербальды және вербальды емес тәсілдерді нәтижелі қолдана білуі арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті.

Қатынасу арқылы адамдар бір-біріне коммуникативтік тұрғыдан әсер етуі мүмкін. Адамдардың бір-бірімен араласуында түрлі әлеуметтік және психологиялық спецификалы коммуникативтік кедергілер байқалуы мүмкін. Оның себептері - қатынасқан адамдардың, бір-бірінен қатты айырмашылығы болуы, оның ішінде: бірін-бірі түсінбеуі және мамандық, саяси, діни, әлеуметтік көзқарастарының болуы. Коммуникативтік кедергілер тек психологиялық негізінде де дамуы мүмкін, олар адамдардың жекеше (индивидуальды) психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

4. Көрнекті материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ()	
Дәріс кешені	12 беттің 4 беті	

6. Бақылау сұрақтары:

1. Дәрігер мен науқас қарым – қатынас аспектісі неде?
2. Дәрігер мен науқас жүйесінде коммуникативтік дағдылардың негізгі принциптері?
3. Айқын және жасырын науқастың қажеттілігі мен үрейін қалай білесіз?

Дәріс № 2

1. Тақырыбы: Топтағы, ұжымдағы тұлғааралық қатынастар. Медицина қызметкері мен науқас арасындағы өзара қарым-қатынас.

2. Мақсаты: Студенттерге медицина қызметкері мен науқас арасындағы өзара қарым-қатынас туралы түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

- Топтағы тұлғааралық қатынастар
- Медицина қызметкері мен науқас арасындағы қарым-қатынас

Тұлғааралық қарым-қатынас адамдар болмысының қажетті шарты болып табылады. Қарым-қатынассыз адамның жекелеген психикалық қызметтерінің, үдерістер мен ерекшеліктерінің, жеке тұлғаның және тұтас қоғамның толыққанды қалыптасуы мүмкін емес. Кейде «қарым-қатынас», «әлеуметтік қарымқатынас», «тұлғааралық қарым-қатынас», «іскерлік қарым-қатынас» және «мәдени қарым-қатынас» түсініктері өзара байланысты болғанымен, бір-біріне тең келмейді, себебі олардың өзіндік өзгешеліктері болады.

Дәрігер – науқас арақатынасының екі түрі белгілі: императивті және диалог.

Императивті қатынас - бұл науқасқа авторитарлық және директивтік әрекет жасау. Қарым-қатынастың бұл түрінің мақсаты - науқастың тәртібін бақылау және белгілі бір әрекет жасауға оны мәжбүрлеу. Императивті қатынастың негізгі ерекшелігі - науқасты мәжбүрлеу мақсаты жасырын емес ашық түрде жүргізіледі. Мұнда әсер ету құралдарына жататындары - бұйрық, нұсқау, талап.

Императивті қатынас түрін қолдану, мақсат және этика тұрғысынан, әлеуметтік әрекет түрлерінде ғана қолайлы болады. Мысалы, төтенше және жедел жағдайларда. Команда, бұйрық және тыйым салу арқылы, сырттай бағынышты жағдайды және таланты орындату - адамның ішкі ойы мен сенімінен, оның интровертті мотивациясынан (өзіндік ықпалынан) тумайтыны анық. Дәрігер

- науқас арақатынасында императивті тәсілді қолдану көбінесе орынсыз және этикаға сәйкес емес болады.

Диалогтық қатынас. Бұл арақатынаста, науқасқа дәрігер тарапынан ұстамдылық көрсетіліп, тепе-теңдік жағдайы туады. Өзара әрекеттесудің келесі ережелерін айнытпас орындағанда ғана диалогты қатынасқа нәтижелі түрде жетуге болады:

1. Науқастың өзекті жағдайына өзінің толық көңіл-күйін аудару.
2. Науқас ықпалдарына априорды (алдын ала) сенім білдіріп, оны бағалаусыз қабылдау.
3. Науқасты өзіне тең деп есептеп, оны «өз жекешелік ойы мен меншікті өз шешімі бар» деп қабылдау.
4. Қатынасуды жеке тұлғалау (персонофикациялау) - қарым-қатынасты, сұхбатты өз атынан жүргізіп, басқалардың пікірлеріне және беделділердің көзқарасына сүйенбей, тек өзінің нақтылы сезімдері мен талаптарын көрсету.

Арақатынастың ішкі құрылысы да өте күрделі болады. Мұнда біріне бірі байланысты үш жағын айқындауға болады: коммуникативтік, интерактивтік, перцептивтік.

4. Көрнекті материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтары:

1. Дәрігер - науқас арақатынасының түрлері.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	Дәріс кешені	№72/11 () 12 беттің 5 беті

2. Топтағы, ұжымдағы тұлғааралық қатынастар.

№3 дәріс

1. Тақырыбы: Науқасқа бағытталған оқытудың принциптері мен әдістері.

2. Мақсаты. Студенттерге науқасты оқыту жайында түсінік беру. Пациентті оқытудың мақсаты, пациентті оқыту жоспарымен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

- Пациентті оқытудың мақсаты, пациентті оқыту жоспары

Медбикелік процестің III кезеңі – жоспарлау

Жоспарлау барысында әр артықшылықты проблема күтімнің мақсаты мен жоспары тұжырымдалады.

Мақсатты екі себеппен белгілеу қажет:

1. Жеке бикелік қатысудың бағытын көрсету мен;

2. Қатысу нәтижесі дәрежесін анықтаумен

Мақсат қоюдың талаптары:

3. Мақсаттар орындалатын, қол жетерліктей болу керек. Емделуші 3 күнде 10 кг салмағын түсіреді деген мақсат қоюға болмайды, бұл мүмкін емес;

4. Әр мақсаттың орындалу мерзімін нақты белгілеу қажет.

Мерзім бойынша мақсаттың екі түрі бар:

а) қысқа мерзімді (бір аптадан кем)

б) ұзақ мерзімді (апталар, айлар, көбіне шығарылғаннан кейін).

3. Мақсаттар бикенің хабардарлығынан аспауы керек.

Емделушіде шығару мерзіміне қарай жөтел болмайды деген мақсатты болдырмау керек, өйткені бұл дәрігердің хабардарлығында.

Сауатты құрылған мақсат үш компоненттен тұруы керек:

1. Ис – қимыл;

2. Белгілері: күні, уақыты, арақашықтығы;

3. Шарты – кімнің көмегімен

Пациентті оқыту мақсатының құрылымы 3 сфераға бағытталуы керек:

- танымдық;

- Эмоционалдық;

- Психологиялық.

Мақсат құрылымы мынадай ситуацияда көрінуі мүмкін:

- Танымдық сферада- науқас су балансы туралы біледі және түсінеді

(2 күн ішінде)

- Психологиялық сферада- науқас су балансын анықтауға психологиялық дайын болады

- Эмоционалдық – науқас су балансын бақылаудың маңыздылығын түсінеді.

Мақсат нақты және нәтижелі болуы керек.

Мақсат қойғаннан кейін медбике оқыту мазмұнын мен тәсілін жоспарлайды.

Мақсат қойғаннан кейін медбике оқыту мазмұнын мен тәсілін жоспарлайды.

Оқыту мазмұны әртүрлі болуы мүмкін:

- Денсаулық сақтау;

- Денсаулық деңгейін қалыпта ұстау;

- Өмір сапасының деңгейін қалыпта ұстау.

Медбике оқыту жоспарын құруға пациентті және туыстарын қатыстыруы қажет.

Осы жағдайда медбике пациенттің жеке ерекшелігіне, әлеуметтік және физикалық деңгейіне мән беруі қажет.

Пациентті оқытуда тиімді нәтижеге жету үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакхстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ()
Дәріс кешені	12 беттің 6 беті

- демонстрация - медбике пациентке Өзіне- өзі күтудегі іс – машықтарды көрсетеді (тіс тазалау, артериалдық қан қысымын тексеру, т.б) және қайталау оқыту мақсатының нәтижелілігіне жеткізеді.

- консультирование - медбике пациент іс –әрекетін бақылайды және қиын этаптарында пациентке кеңес береді.

- ролдік ойын - пациентті оқытудың тиімді жолы. Мұнда медбике пациентке қиынға соғатын іс – әрекеттерді көре алады.

Оқыту кестесі 5 этаптан құралады:

1. Керекті ақпаратты беру;
2. Пациент есте сақтағанша қайталау;
3. Пациент игеру керек іс –шараны көрсету;
4. Пациенттің қайталауы;
5. Пациенттің іс – шараны қайталап көрсетуі.

Оқыту барысында пациент қызығушылығын ояту қажет және әңгімелесуде сұрақ – жауап болғаны дұрыс. Әрбір этап пациент толық игергенше қайталануы мүмкін. Медбике пациентке берген ақпаратты дұрыс түсінгеніне көз жеткізу керек.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

1. Пациентті оқытудың мақсаты?
2. Пациентті оқытуда тиімді нәтижеге жету үшін қандай әдістерді қолдануға болады?

№4 дәріс

1. Тақырыбы: Науқасқа бағытталған оқытуда кеңес берудің базалық дағдылары. Науқасқа бағытталған кеңес берудің негізгі стратегиялары.

2. Мақсаты. Студенттерге науқасқа бағытталған кеңес берудің негізгі стратегияларымен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Тұлға аралық қарым- қатынас адамдармен қатысты барлық жерде пайдаланылады, алға қойған мақсатқа жетуде, жақсы дағдылар болып табылады.

* Бұл- бетпе бет, вербальді, вербальді емес ақпарат алмасу, адамдар арасындағы немесе топтағы пікір алмасу болып табылады.

* Тұлға аралық қарым - қатынасқа мотивацияны, оқытуды, кеңес беру кіреді.

*Мотивация –бұл динамикалық ағым, адамды іске жетелейтін эмоциональді жағдай.

*Жеке және топтық оқытылу –Оқытылып жатқан қатысушыларға керек ақпаратпен қамтамасыз ету.

Алынған мәлімет тыңдаушының білімін жетілдіруіне, ал әдістері оның орындалуын, оқу үрдісі оқып жатқанның тәжірбиелік қарым қатынас орнату, мінез құлқын өзгертуге септігін тигізеді.

*Кеңес беру–бұл адамдардың бетпе бет қарым қатынасы, кеңес алушы нақты толық ақпарат бергенде, клиентке қиындықтарын шешуге және қарсы тұру үшін көмектеседі.

*Жеке кеңес беру – бұл клиентке өміріне қатысты шешім қабылдауда немесе өмірін тәртібін өзгертуге септігін тигізетін көмек.

* Егер қарым- қатынас сәтсіз болса, аяғы да сәтсіз болады.

* Егер ақпарат әртүрлі түсінікте болса, онда ол түсінік көптеген жағымсыздық әкеледі.

* Әрқашанда сізден артық білетін біреу бар.

* Қарым- қатынас көп болған сайын, түсінісу қиын болады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		12 беттің 7 беті

* Бұл пікірлер нақты емес принцип болып табылады, бірақ әзілдеп болса да дұрыс қарым қатынастың қиындығын көрсетеді.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

1. Науқасқа бағытталған оқытудың базалық дағдылары.

№5 дәріс

1. Тақырыбы: Науқасты оқыту кезеңдері: пациент туралы ақпарат жинау, пациенттің қажеттілігі мен проблемаларын анықтау.

2. Мақсаты. Студенттерге науқасты оқыту кезеңдері жайында түсінік беру.

3. Дәріс тезистері:

- Науқас туралы ақпарат жинау
- Науқастың қажеттіліктері мен проблемаларын анықтау

Пациентті және оның туыстарын оқыту мейірбике оқытудың әрбір кезеңдерінің мәнін түсінгенде ғана ықпалды болады. Оқыту үдерісі мейірбикелік процесс сияқты бес кезеңнен тұрады.

1. Пациент туралы ақпарат жинау және пациент пен оның туыстарының бастапқы білім деңгейін бағалау. Мейірбике өзінің алғашқы контактында пациенттің өз жай-күйі туралы не білетінін, оқуға ынтасының барын анықтайды.

2. Пациенттің проблемаларын анықтау. Ақпаратты жинап және бағалап мейірбике пациенттегі қандай білім тапшылығының бар екенін біледі.

3. Оқыту мақсатын анықтау, оның мазмұнын жоспарлау. Мейірбике өзінің алдына үш: танымдық, эмоционалдық және психологиялық аумақты қамтитын мақсат қояды. Мақсаттар кез келген жағдайда нақты, реалды және қолжетімді болуы тиіс.

4. Оқыту жоспарын жүзеге асыру. Алға қойған жоспарды жүзеге асыру үшін мейірбике пациентпен және оның туысқандарымен бірлесіп оқытуға қолайлы жағдай жасайды және оқытуды өткізу мерзімін белгілейді.

5. Оқыту нәтижелерін бағалау. Жоспарды жүзеге асырғаннан кейін мейірбике оның нәтижелерін зерделейді.

Пациентті оқыту- дәрігерлік саланың ажырамайтын бөлігі. Сонымен қатар, мейірбикелік істің негізгі міндеті болып табылады. Пациентті оқыту- мақсатты түрде ұйымдастырылған, жоспарлы және жүйелі түрде жүзеге асырылатын дағдыларды тәжірбиелі тұлғаның көмегімен меңгеру процесі.

Мейірбике педагогикасының мақсаты- пациенттің ауруына байланысты, жаңа өмір жағдайларында қоршаған ортамен үйлесімділікте өмір сүруін қамтамасыз ету.

Пациентті оқыту мейірбике оқытудың әрбір кезеңдерінің мәнін түсінгенде ғана жүзеге осады. Оқыту үдерісі дәрігерлік процесс секілді 5 кезеңнен тұрады:

- 1) Пациент туралы ақпарат жинау және бастапқы білім деңгейін бағалау.
- 2) Пациент проблемаларын анықтау
- 3) Оқыту мақсатын анықтау, оның мазмұнын жоспарлау.
- 4) Оқыту жоспарын жүзеге асыру.
- 5) Оқыту нәтижелерін бағалау.

Пациент туралы ақпарат жинау және бастапқы білім деңгейін бағалау. Мейірбике өзінің алғашқы контактында пациенттің өз жай-күйі туралы не білетінін, оқуға ынтасының барын анықтайды. Мысал келтіретін боксак, пациент С., 66 жеста, зейнеткер, жүректің ишемиялық ауруымен ауырады. Әңгімелесу барысында пациенте соңғы 2 аптада аяғының кешкі уақытта ісінуі және таңертеңгілік уақытта азайғаны анықталған. Жергілікті емхананың

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Дәріс кешені		12 беттің 8 беті

дәрігерінің емін қабылдаған және дәрігер 7 күн бойы су балансы анықтауды ұсынған. Пациент медикаментозный және зәр айдағыш препараттарды қабылдаған, бірақ ешқандай өзгеріс болмаған. Көп мөлшерде шай, сүт, компот және суды қолданады, жиі кіші дәретке шығады. Пациент су балансы жайлы және оның қалай анықталатынын білмейді.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

1. Мейіргердің пациентті оқытудың кезеңдері.
2. Пациенттің проблемаларын анықтау.

№6 дәріс

1. Тақырыбы: Науқаспен және отбасымен қарым-қатынастың маңыздылығы.

2. Мақсаты. Студенттерге науқаспен және отбасымен қарым-қатынастың маңыздылығын түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

Науқас пен оның отбасымен қарым-қатынас жасаудың маңыздылығы Медициналық мамандықтың көп те күрделі ерекшелік- терінің ішінде сырқатпен қарым-қатынас және тілектес-тік көзқарастың маңызы зор. Емдеудің нәтижелі болуы дәрігердің сырқат жүрегіне жол табуына, оның сенімінен шығуына байланысты. Дәрігердің жоғары біліктілігі, оның шеберлігі аурудың дәрежі қылығына өзін ұстамды болып, сырқаттың көңіл-күйін дұрыс түсінетіндігінен байқалады.

Науқастармен қарым-қатынас жасауда вербальды және вербальды емес қатынастар маңызды орын алады.

Дәрігер науқастарды қабылдағанда өзінің қимыл әрекеті арқылы оларға кері немесе жағымды әсер етуі мүмкін. Егер дәрігер науқасты бар ынтасымен тыңдап, назарын тек науқасқа аударып, ауруына науқастың көзқарасымен қарап отырғанын сездірсе науқас та дәрігерге көп сенім артады. Ал егер бәрі керісінше болып, науқасқа назар аудармай басқа іспен шұғылданып отырса, науқастың психологиясына кері әсерін тигізіп, шипа іздеп келген дертіне кері әсер етуі мүмкін.

Қорыта айтқанда, медицинада дәрігердің науқастармен, олардың туыстарымен және әріптестерімен қарым-қатынасының алатын орны ерекше. Егер аталған қарым-қатынастар жақсы болатын болса науқастарды емдеуде алынған нәтиже де жақсы болмақ.

Пациентпен коммуникацияның негізгі дағдылары:

1. Контакт орнату
2. Ақпарат жинау
3. белсенді тыңдау
4. Эмпатия
5. пікір
6. ақпараттандыру
7. сұхбаттың аяқталуы
8. Жанжалды (жанжалды) жағдайлардың алдын алу және шешу әдістері.

Харидің әртүрлі мейіргерлерінің психологиялық портреттері. Пациенттермен дұрыс қарым-қатынас жасай білу.

«Медбике-емделуші» арасындағы қарым-қатынастар:

Медициналық бике емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дәрежі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге тыйым салынады. Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн. Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелеуге тыйым

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ()	
Дәріс кешені	12 беттің 9 беті	

салынады. Күрделі және ауырсындыратын емшараларды бастамас бұрын медбике осы емшаралардың мәнін, мағынасын және қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет.

«Медбике – емделушінің туысқандары (және жақындары)» арасындағы қарым-қатынастар: Ұстамдылықты, сабырлылықты, тыныштықты және әдептілікті сақтауы қажет; Күрделі науқастарды күтушілерге емшара мен манипуляцияларды дұрыс орындау тәртібін түсіндіруі тиіс; Тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы (науқастың сырқаты, болжамы жөнінде әңгімелемей, дәрігерге жолдау) тиіс; Қойылған сұрақтарға сабырлы жауап беруі қажет, күрделі науқаста дұрыс күте білу ережелерін шыдамдылықпен үйретуі тиіс.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Нуржанбаева Ж.О. Психология және мәдениеттану : оқу-әдістемелік құралы / Ж. О. Нуржанбаева, Ғ. С. Айдарбекова, Ә. С. Еркінбекова. - Алматы : АҚНҰР, 2023. - 222 б. Экземпляры:
 2. Нуржанбаева Ж.О. Психология и культурология : учебно-методическое пособие / Ж.О. Нуржанбаева, Ғ.С. Айдарбекова, А.С. Еркінбекова. - Караганда : АҚНҰР, 2023. - 222 бет с
 3. Коммуникативтік дағдылар : анықтамалық = Коммуникативные навыки : справ. изд. = Communication skills / Л. Л. Мациевская [ж. б.] ; М-во здравоохранения РК; КГМУ. - Алматы : Эверо, 2013. - 86 бет. с.
 4. Молотов-Лучанский В. Б. Коммуникативные навыки : учеб. пособие / В. Б. Молотов-Лучанский, Л. Л. Мациевская, Н. А. Цаюкова. - Алматы : Эверо, 2014. - 138 с.
 5. Датхаев У. М. Коммуникативтік дағдылар : оқулық / У. М. Датхаев, М. А. Асимов, А. А. Сұлтанбеков. - Алматы : Эверо, 2016. - 260 бет.
 6. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет.
 7. М. К. Акошева Интерпретация и понимание в теории речевой коммуникации : монография / - Алматы : Эпиграф, 2022. - 232 б. с
 8. Майерс, Д. Әлеуметтік психология= Social Psychology : оқулық / Д. Майерс, Ж. Туенж ; Қаз.тіл.ауд. Г.Қ. Айқынбаева [және т.б.]. - 12- басылым. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 648 б. с. : (Рухани жаңғыру).
 9. Аронсон, Эллиот Көпке ұмтылған жалғыз= The Social Animal : әлеуметтік психологияға кіріспе:оқулық / Э. Аронсон ; ауд.Д.Д.Дүйсенбеков [және т.б.]. - 11-бас. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
 10. Психология и педагогика для студентов медицинских вузов. 1 ч. : учебник / под ред. Н. В. Кудрявой. - Алматы : Эверо, 2017. - 196 с.
 11. Психология и педагогика для студентов медицинских вузов. 2 ч.] : учебник / под ред. Н. В. Кудрявой. - Алматы : Эверо, 2017. - 192 с.
 12. Оспанова, Ж. Б. Психология управления : учеб. пособия. - Алматы : Эверо, 2014. - 160
 13. Магзумова Р.З. Организационная психология в медицинских организациях: учебное пособие Эверо2014
 14. Көбекова, Ж. С. Психология негіздері: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013
 15. Лукацкий, М. А Психология : учеб. для вузов - 2-е изд., испр. и доп ; Рек. Учеб.-методическим объед. по мед. и фарм. образованию вузов России. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013.
 16. Островская, И. В. Психология . - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013.
- ТурдалиеваШ.Т. Қарым-қатынас психологиясы:оқу құралы.-Эверо2013

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ()	
Дәріс кешені	12 беттің 10 беті	

Қосымша әдебиеттер:

1. Уоллейс, П. Интернет психологиясы [Мәтін] = The psychology of the internet : оқулық / П. Уоллейс ; қаз.тіл. ауд. Е. Жеңісұлы [жәнет.б.]. - 2-ші бас. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
2. Коммуникативтік дағдылар : анықтамалық = Коммуникативные навыки : справочник = Communication skills : directory / Л. Л. Мацеевская [и др.]. - Алматы : Эверо, 2014. - 118 бет. с
3. Пинкер, С. Тіл-инстинкт [Текст] = The language instinct : оқулық / С. Пинкер ; Қаз. тіл ауд. Ш. Құрманбайұлы [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Шульц, Д. П. Қазіргі психология тарихы: монография = A History of Modern Psychology : монография / Д.П.Шульц, С.Э.Шульц ; қаз.тіл. ауд. Б.Қ.Ақын [жәнет.б.]. - 11-бас. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 448 б. с. : сур.[Рухани жаңғыру].
5. Бекешова, Г. У. Основы психологии: учебно-методическое пособие / - Алматы : Эверо, 2017. - 208 с.
6. Алешанова, Л. В. Темперамент и характер: методическое пособие / Л. В. Алешанова, Н. Б. Смирнова. - Алматы : Эверо, 2017. - 92 с.
7. Ларенцова, Л. И. Взаимодействие врача и пациента: психология гармоничных взаимоотношений: учебно-методическое пособие / Алматы : Эверо, 2017. - 112 с. -
8. Зорин, К. В. Введение в пренатальную педагогику и психологию здоровья: учебно-методическое пособие /. - Алматы : Эверо, 2017. - 76 с.
9. Туркпен-улы, Ж. Основы общей и педагогической психологии учеб.-методическое пособие для студентов высшей школы. - Алматы : Эверо, 2014. - 228 с.

6.Бағдарламалық қамтамасыз ету және Интернет ресурс:

1. М.А. Асимов, С.А. Нұрмағамбетова, Ю.В. Игнатъев
КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР Оқулық Қарағанды 2017
<https://aknurpress.kz/reader/web/1548>
2. М.А. Асимов, С.А. Нұрмағамбетова, Ю.В. Игнатъев КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР Оқулық Қарағанды 2017
<https://aknurpress.kz/reader/web/1548>
3. Датхаев У.М.Коммуникативтік дағдылар: оқулық/У.М. Датхаев, М.А. Асимов, А.А.Сұлтанбеков. – Алматы: Эверо, 2020. – 260 б.
https://www.elib.kz/ru/search/read_book/3006/

7. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

1. Мейіргер – емделуші арасындағы қарым-қатынастар.
2. Мейіргер – емделушінің туысқандары (және жақындары) арасындағы қарым-қатынастар.

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ()	
Дәріс кешені	12 беттің 11 беті	

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»</p>
<p>«Мейіргер ісі-1» кафедрасы</p>		<p>№72/11 ()</p>
<p>Дәріс кешені</p>		<p>12 беттің 12 беті</p>